



Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері жұмысының Үлгі кестесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 13 қараша N 157-ө

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері жұмысының
Үлгі кестесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі, министрліктер мен агенттіктер өз жұмыстарын жоспарлау кезінде көрсетілген Үкімет мүшелері жұмысының Үлгі кестесін басшылыққа алсын.

3. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің 1998 жылғы 4 наурыздағы N 49 R980049_ және 1999 жылғы 15 қазандағы N 147 өкімдерінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

П р е м ь е р - М и н и с т р

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
13 қарашадағы
N 157-ө өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері
жұмысының Үлгі кестесі

Әрбір айдың - Әкімдердің күні - аймақтардың әкімдерін қабылдау үшінші аптасы: және олармен аймақтық проблемаларды шешу жөніндегі жұмыс

сәрсенбі
бейсенбі
жұма

- Дүйсенбі - Министрлердің күні - Үкімет басшылығының орталық атқарушы органдардың басшыларын қабылдауы
- Сейсенбі - Үкіметтің күні - Үкіметтің мәжілістерін, Премьер-Министрде кеңестер өткізу
- Сәрсенбі - Кеңестер күні - Премьер-Министрдің орынбасарлары мен Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысында кеңестер өткізу
Айдың әрбір бірінші және төртінші сәрсенбі - Қазақстан Республикасында тіркелген елшілерді қабылдау.
Премьер-Министр Кеңсесінің қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдау (кесте бойынша)
- Бейсенбі - Алқа күні - орталық атқарушы органдарда алқа мәжілістері мен кеңестер өткізу
- Жұма - Қабылдау күні - азаматтарды қабылдау.
Айдың әрбір бірінші жұмасы - Парламенттің депутаттарын қабылдау.
Айдың әрбір екінші және төртінші жұмасы - Үкіметте аймақтармен селекторлық кеңестер өткізу.
Айдың әрбір үшінші жұмасы - Үкімет мүшелерінің ұлттық компаниялар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын қабылдауы.
- Сенбі - Бақылау күні - Бақылаудағы құжаттармен жұмыс. Кадрлардың оқуы. Премьер-Министрдің Кеңсесінде жұмыстық кеңестер өткізу.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК